

**«МЕДИАЗЕРТТЕУДІҢ КЕЛЕШЕК КӨКЖИЕГІ:  
ОРТАЛЫҚ ЖӘНЕ ӨЛКЕЛІК АСПЕКТІЛЕР»**

атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция  
**ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК**

международной научно-методическая конференции  
**«ПЕРСПЕКТИВЫ МЕДИА ИССЛЕДОВАНИЙ:  
ЦЕНТРАЛЬНЫЕ И РЕГИОНАЛЬНЫЕ АСПЕКТЫ»**

**COLLECTION**

International scientific and methodological conference  
**«PERSPECTIVES ON MEDIA RESEARCH:  
CENTRAL AND REGIONAL ASPECTS»**

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. АЛЬ-ФАРАБИ  
AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

ЖУРНАЛИСТИКА ФАКУЛЬТЕТІ  
ФАКУЛЬТЕТ ЖУРНАЛИСТИКИ  
FACULTY OF JOURNALISM

БАСПАСӨЗ ЖӘНЕ ЭЛЕКТРОНДЫ БАҚ КАФЕДРАСЫ  
КАФЕДРА ПЕЧАТИ И ЭЛЕКТРОННЫХ СМИ  
DEPARTMENT OF PRINT AND ELECTRONIC MEDIA

Журналист-ғалым, жазушы, профессор  
КЛАРА ҚАБЫЛҒАЗИНАНЫҢ 75 ЖАСҚА ТОЛҒАН МЕРЕЙТОЙЫНА АРНАЛҒАН  
**«МЕДИАЗЕРТТЕУДІҢ КЕЛЕШЕК КӨКЖИЕГІ:  
ОРТАЛЫҚ ЖӘНЕ ӨЛКЕЛІК АСПЕКТІЛЕР»**  
атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция  
**ЖИНАҒЫ**

### **СБОРНИК**

международной научно-методическая конференции  
**«ПЕРСПЕКТИВЫ МЕДИА ИССЛЕДОВАНИЙ: ЦЕНТРАЛЬНЫЕ И РЕ-  
ГИОНАЛЬНЫЕ АСПЕКТЫ»**  
посвященный 75-летию журналиста-ученого, писателя,  
профессора Клары Кабылгазиной

### **COLLECTION**

International scientific and methodological conference  
**«PERSPECTIVES ON MEDIA RESEARCH: CENTRAL AND REGIONAL  
ASPECTS»**  
dedicated to the 75th anniversary of journalist-scientist, writer,  
professor Klara Kabylgazina

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2025

**Ғылыми редактор:**

Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының меңгерушісі  
*Альжанова Айгерім Болатханқызы*

**Жауапты редакторлар:**

Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының оқытушысы  
*Ілияс Мархаббат,*  
Журналистика факультетінің докторанты Райида Қуаш

Медиазерттеудің келешек көкжиегі: орталық және өлкелік аспектілер/  
Ғылыми ред. Альжанова А.Б., Жауапты ред. Ілияс М.Е., Р. Қуаш.

– Алматы: Қазақ университеті, 2025. – 187 б.

Бұл жинаққа медиазерттеу саласындағы жаңа әрі өзекті көзқарастарды талқылайтын мақалалар топтастырылған. Оқырманға медианың қоғамдық-саяси, мәдени және әлеуметтік ықпалы туралы түсінік қалыптастыратын материалдар ұсынылады. Жинақта еліміздің орталық және аймақтық медиалық кеңістігін зерттеу аспектілері, сондай-ақ медиа саласындағы жаңа үрдістер мен проблемалар қарастырылады. Кітап жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу мекемелеріне арналған, сондай-ақ медиазерттеушілер мен журналистика факультетінің студенттеріне пайдалы болмақ.

## БҮГІНГІ МЕДИАДАҒЫ ФАКТЧЕКИНГ ЖӘНЕ ВЕРИФИКАЦИЯ РЕПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ

*Ибрайымов Алмабек*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,*

*Журналистика факультетінің докторанты*

**Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.д., профессор К. Камзин**

Фактчекинг және верификация қазіргі уақытта көп ақпарат ағынының бір бөлігіне айналып кетті десек қателеспейміз. Себебі, ақпарат тексеру бірнеше минуттан бастап, бірнеше сағатқа созылуы мүмкін. Қазіргі таңда ақпаратты дұрыс беру, статистикамен жұмыс істеу және әлеуметтік желілердегі посттардың өзі де ерекше назар аудартып қояры анық. Сол себептен де, журналист қай салада жұмыс істесе де берілген ақпаратты бірнеше рет тексеріп барып, жариялауы керек. Әрине, қазіргі уақытта ақпарат тарату мүмкіндігі тек журналистерге ғана емес, сонымен бірге қарапайым әлеуметтік желі қолданушысы да тарата алатын жағдайға жеттік. Осындай ақпарат тасқынының негізінде ақпаратты тексеріп үлгеру мүмкіндігінің де төмендейтіндігі тағы бар. Одан бөлек қазіргі уақытта «ақпараттық соғыс» термині айналымға енгелі оның нақты дереккөздерін табу да едәуір өзгеріп, қиындай түскенін де айта кетсек артық болмас.

Жаңа сандық технологияның революциясы медиа саласына да ерекше серпілістер алып келгені жасырын емес. Күнделікті өмірде медианың негізгі қызметтері ауысып, тіпті өзгеріп те жатады. Қазіргі уақытта медианың конвергенциялануы олардың макро-деңгейден бастап, микро-деңгейге дейін жеткізіп отырғаны тағы бар. Одан бөлек ашық дереккөздермен көптеп жұмыс жасау, оның деректерді өңдеуге, талдауға және оның тек мәтін түрінде ғана емес, сонымен бірге оның визуалды түріне де баса назар аудара бастады [1, 61]. Көптеген редакциялар осының нәтижесінде стандартизация және алгоритмдер негізінде жұмыс жасай бастады. Бұл журналистердің жұмысын жеңілдетіп қана қоймай, оны автоматизациялауға да көмектеседі [2, 91].

Қазіргі таңда ғаламтордың дамуы мен оның структурасының өзгеруінің нәтижесінде редакцияның ішкі қызметтері де әр түрлі болып өзгеріп, оның медиа зерттеулерге де баса назар аудартуға алып келеді [3]. Бір жағынан, редакцияның қызметі – нақты аудиторияға бағытталғандықтан, ондағы ақпаратты неше адам қабылдап, ол туралы ауызша ақпарат таратқанын анықтау мүмкін емес. Жалпы алғанда кей аудиториясы бар адамдар, яки блогерлер аудитория тарту мақсатында жалған ақпарат таратуы да мүмкін. Сол себептен кей оқырмандар блогерлердің айтқан ақпараттың бәріне сеніп, ары қарай жалған ақпараттың тарауына мүмкіндік береді. Жалпы Web 2.0 жаһандық ерекшеліктеріне бойынша қарастырған уақытта кәсіби БАҚ құралдарында міндетті түрде ақпаратты тексеріп отыратын

арнайы мамандар болады. Дегенмен де, оның барлығын рас-өтірігін анықтау да көп уақыт алуы мүмкін [4, 83]. Осы себептен де деректерді тексеру өте маңызды болып есептеледі, әрі бүгінгі журналистердің де ерекше сұранысқа ие болуына осы фактчекингтік қабілеттің болуына баса назар аударады [5, 9].

Екінші жағынан қарастырып көретін болсақ, дәстүрлі медиа өкілдері әлі де деректерді өңдеу және талдау қабілеттерін жетілдіріп келеді. Оның барлығы да заманауи деректердің қатар берілуі, сандық технологияны қатар қолдануға да мүмкіндік береді. Осының негізінде материалды жинау, жариялау қабілеттерін жыл сайын жаңартып отыруға тиіс те болатын кездері болады [6, 182].

Заманауи технологиялардың барлығы журналистерге көптеген мүмкіндіктерге жол ашты. Мысалы, материалды жазудағы қателерді тексеру, олардың визуалды ерекшеліктеріне баса назар аудартады. Осының барлығы да кәсібилік мәселесіне де байланысты болады. Оған міндетті түрде нақтылық пен дәлдік, одан бөлек деректерді беруде де өзекті тақырыптарды анықтауға да елеулі үлес қосып келеді [7, 18].

Материалдың ішіндегі фактілерді тексеру редакцияның ішіндегі процесстер үшін өз өзектілігін жоймақ емес. Оның замана ағымына қарай өзгеруі конвергенцияның негізінде байланыстырылады. Верификация деректерді дәстүрлі тексеру жолы десек қателеспейміз. Мысалы, спикерге телефон арқылы хабарласу, алғашқы дереккөзді іздеу, екінші деңгейдегі деректерді қарастыру секілді қызметтің барлығы да заман ағымына сай, ғаламтор негізінде жүзеге асырылады.

Еуропалық зерттеуші ғалымдар әлеуметтік желідегі фактчекингті 4 негізгі қадамдарға бөледі: шығу тегі (контенттің түпнұсқалығы), дереккөзі (кім жүктеді), күні (қашан жарияланды) және локация (қай жерден жүктелді) [8, 26]. Әлеуметтік медиадағы контенттің барлығы да деректерді қарастыруға, спикердің мәліметтерін зерттеуге, визуалды ақпараттардың таратылу нүктесін де қарат қарастыруға мүмкіндік береді.

Ақпаратты тексеру – редакциялық қызметтің бір түрі, оның ішінде тек отандық зерттеулер ғана емес, шет елдік зерттеулерді де қатар қарастыруға мүмкіндік береді. Осы орайда зерттеушілердің пікірі бойынша фактчекингті верификация терминінен бөлек қарастырады. Себебі, фактчекинг көбіне тереңдетілген әрі нақтыланған деректерді тексеруге, олардың эмпирикалық қызметтеріне бағытталады. Әрі деректерді анық-қанығын анықтауға, оның фейк жаңалықтың қайсысы екенін нақтылауға көмектеседі [9, 1563].

Егер де контенттің нақтылығын анықтау үшін спикердің аты-жөні, қызметі секілді ақпараттардың барлықтарын нақты анықтап алу маңызды. Артынша онымен верификациялап нақтылап анықтауға, контентті техникалық процесстер негізінде дайындауға көмектеседі. Ал фактчекинг деректердің рас не жалған екенін, аудиовизуалды ақпараттың шынайы екенін, оның кім және қашан айтқанын анықтауға көмектеседі.

Қорыта айтқанда, қазіргі уақытта ғаламтор мен әлеуметтік желілердің қарқынды дамуы журналистика жанрлары мен қызметінің деформациялануына әкелді. Себебі, оның негізгі қызметі мен қабілеттерінің барлығы да замана ағымына қарай ауысып, өзгеріп келеді. Осының нәтижесінде жалпы журналистиканың жаңа қабілеттері мен қызметтерінің одан ары артуына алып келді. Бұл жалпы тек Қазақстанда ғана емес, сонымен бірге шет елдік журналистикатану саласында да белең ала бастады десек қателеспейміз. Әрі, журналистиканың конвергенциялануы да ерекше назар аудартып отырғаны жасырын емес.

#### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Вырковский А. В. Редакционный менеджмент в печатных и онлайн-массмедиа: процессный подход. М.: МедиаМир, 2016.
2. Вырковский А. В., Борисьяк Д. А. Бизнес-процессы в новостной журналистике // Вестн. Моск. ун-та. Сер. 10. Журналистика. 2013. № 4. С. 90–103.
3. Deuze M. (2009) Technology and the individual journalist: agency beyond imitation and change. In B. Zelizer (ed.) The changing faces of journalism. New York: Routledge.
4. Бейненсон В. А. Проверка достоверности информации в условиях новых медиа: проблемы и возможности / Журналистика в системе альтернативных источников информации: сб. мат-лов науч. конф. Ниж. Новгород, 2017. С. 79–89.
5. Вартанова Е. Л. Современный журналист в представлениях общества // Медиаальманах. 2016. № 2. С. 8–10.
6. Баранова Е. А. Новые журналистские компетенции в условиях медиа конвергенции: мифы и реальность // Вестн. РУДН. Сер. Литературоведение, журналистика. 2017. Вып. 22. № 1. С. 177—188.
7. Шомова С. А. Новые медиа и «новая этика»: к вопросу о ценностных трансформациях журналистской профессии // Медиаальманах. 2016. № 4. С. 12–20.
8. Verifying User-Generated Content (2014) In Silverman C. (ed.) The Verification Handbook. Ultimate Guideline on Digital Age Sourcing for Emergency Coverage. Maastricht: The European Journalism Centre. Pp. 24–30.
9. Gottfried J. A., Hardy B. W., Winneg K. M., Jamieson K. H. (2013) Did Fact Checking Matter in the 2012 Presidential Campaign? American Behavioral Scientists 57 (11): 1558–1567.

## **КӨКТЕМГІ СУ ТАСҚЫНЫ: АҚПАРАТТЫҚ САУАТТЫЛЫҚ ЖӘНЕ МЕДИАНЫҢ РӨЛІ**

*Қыдырмолданова І.С.*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Халықаралық журналистика, 1-курс докторантура*

**Аңдатпа.** Су тасқыны - жойқын табиғи апаттардың бірі. Ол тек экономикаға кері әсер етіп қана қоймай, халықтың өміріне қауіп төндіреді. Көктемгі тасқын елдің экологиялық және әлеуметтік жағдайына

## МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTEXT

<b>Orhan Söylemez</b> The role of literary journals in nation building process at the beginning and the last decades of 20th century in Kazakhstan .....	4
<b>Дуйшекеева А. Т.</b> Медиа мейкиндиктин трансформацияланышы жана изилдөөлөрдүн актуалдуу багыттары .....	20
<b>Барлыбаева С.</b> Современные тенденции масс медиа.....	25
<b>Е.И. Дудинова, М.О. Негизбаева</b> Медиаконтексты образовательной миграции .....	27
<b>Жақсылықбаева Р.</b> Сын шындықты көрсете білсе – қырағы, дәлелдей білсе – қайратты .....	30
<b>Жетпісбаева М.С., Құтпанбаева Ж.Б., Кусаинова А.С.</b> Медиа сауаттылық және ақпараттық сауаттылық.....	34
<b>Иманалиев Ж. О.</b> Қазақ дәстүрлеріндегі рг мен коммуникацияның көрініс табуы .....	42
<b>Амирова Д.</b> Медиаэрттеу: мәтінді орыс тілінен қазақшаға аудару мәселелері.....	47
<b>Азимжанов Д. С.</b> Кинотеатрлар нарығы: пандемиядан кейінгі қалпына келу динамикасы.....	51
<b>Бауыржан Ә.</b> Адам табиғаты мен психологиялық реңдерінің публицистикалық өрімі.....	55
<b>Жансерікова Н.</b> Жасөспірімдердің бейнеконтентті тұтынуы.....	65
<b>Аяжан Б.</b> Журналистикадағы жаңа трендтер.....	68
<b>Әлімберді Л.</b> Қазақстанда саңырау және мылқау жандар үшін телевизиялық жаңалықтардың қолжетімділігін қамтамасыз етудегі тележурналистика мен инклюзивті коммуникацияның рөлі.....	70
<b>Ибрайымов А.</b> Бүгінгі медиадағы фактчекинг және верификация репрезентациясы .....	73
<b>Қыдырмолданова І.С.</b> Көктемгі су тасқыны: ақпараттық сауаттылық және медианың рөлі.....	75
<b>Kuash R.</b> Digital transformation and the reconstruction of intercultural communication.....	78
<b>Омарханқызы Г.</b> Қазақ радиолары: цифрлық хабар тарату мәселелері.....	82
<b>Есімбай А.</b> Еліміздегі ұлтараздық мәселелердің медиадағікөтерілуі: ұлттық сайттардағы тәжірибе .....	88
<b>Ильхамжанов Р., Мукашева М.</b> Цифровой PR в Казахстане: влияние репутационных кризисов на инфлюенсеров и бренды.....	91
<b>Лун Инин</b> Исследование форм коммуникации и стратегий повествования инициативы «один пояс, один путь» в Китайских и Казахстанских СМИ .....	93
<b>Mereyeva A.B.</b> Ethical considerations for collecting and using data in media.....	96